

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Экономика және басқару факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің  
№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

24.12.2025 ж.

**Қатысқандар:**

**Комиссия төрағасы:**

Ерназарова С. – Экономика және басқару факультетінің декан орынбасары

**Комиссия мүшелері:**

Азретбергенова Г.Ж. – Экономика, қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., профессор;

Куралбаев А.А. – Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы

Анламасова М.К. – Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы

Тайжанов Л.Т. – PhD, доцент

Асанова А.С. – аға оқытушы

Кенешбаев Б. – PhD, аға оқытушы

Нысанбаева А. – сая.ғ.к., доцент м.а.

Әбсаттар С.Т. – магистр, аға оқытушы

Әбдиева Р.А – МҚЖ-411 тобының магистранты

Тасболатова Г. – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Мәжіліс хатшысы:**

Байтлесова З.Д – ЗХҚ-511 тобының студенті

**Қатыспағандар:** Жұмаділла Ш.А – ДМБ-311 тобының докторанты

**Шақырылғандар:**

Йылмаз Узун –Факультет деканы, PhD

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Білім алушылар ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау.
3. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау.
4. Қараша, желтоқсан айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

**1. Тыңдалды:** Бірінші мәселе бойынша Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мүшелерінің және ОӘК төрайымы А.Алимбаеваның мониторинг бойынша баяндамалары тыңдалды. Комиссия мүшесі Б.Кенешбаев Менеджмент және туризм кафедрасы, А.Нысанбаева Халықаралық қатынастар кафедрасы, А.Асанова Экономика, қаржы және есеп кафедрасы бойынша ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне қатысты жүргізілген мониторинг нәтижесімен таныстырды.

Баяндамалар тыңдалған соң, факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссиясының төрағасы С.Ерназарова сөз алды: Кафедралардағы силлабустарға жасалған мониторинг оқыту нәтижесіне қатысты силлабустар сапаға сай екендігін көрсетіп отыр. ББ оқыту нәтижесіне жету үшін пәннің оқыту нәтижесі анық болу керек, пәннің оқыту нәтижесіне жету үшін қай тақырып, қай сабақ түрі қандай оқыту нәтижесін беретіндігі нақты болуы керек. Пән силлабустары бойынша пәннің оқыту нәтижелері көрсетілген тақырыптарға толық сәйкес.

### Шешім:

1.1. Мониторинг нәтижесі тиісті шешім қабылдау үшін факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісіне ұсынылсын (*Жауапты: комиссия төрағасы С.Ерназарова*).

1.2. Силлабустың құрылымын әр оқу жылында жаңашылдық енгізу бойынша профессор оқытушылар құрамына әдістемелік семинар ұйымдастыру жайлы ұсыныстар берілсін. (*Жауапты: кафедра меңгерушілері*).

**2. Тыңдалды:** Екінші мәселе бойынша факультеттің ОӘК төрайымы А.Алимбаева мәлімет берді: Факультет ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасалынды. 2025-2026 оқу жылының күзгі семестрінде жоспарланған ашық сабақтар саны – 16. Орындалғаны – 16. Ашық сабақтар бағалау кестесі бойынша бағаланып, талдау хаттамалары толтырылды. Ашық сабақтар өту барысында профессор-оқытушылар жаңа технологияларды, жасанды интеллект бағдарламалары қосылып, сол тақырып аясында студенттерге ғылыми зерттеу жұмыстары да бекітіліп жүзеге асырылды.

Ашық сабақтардың оқыту нәтижелері айқындалған. Оқыту нәтижелеріне тыңдаушылардың жету деңгейін бағалау мүмкіндігі бар. Тыңдаушылардың өздігінен іздену, жаңа бағыттарда жұмыстар атқару, ойлау қабілеттерін арттыруға бағытталған. Кері байланыс тиімді ұйымдастырылды. Өтілген ашық сабақтардың ішінен үздік деп танылғандар университет деңгейінде озық тәжірибе ретінде таратуға ұсынылды.

Факультетте 2025-2026 оқу жылының оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру мақсатында ОПК-ға арналған ішкі әдістемелік семинарлар мен тренингтер жоспарға сәйкес өткізілді. Факультет деңгейінде ұйымдастырылған әдістемелік семинарлардың негізгі мақсаты – заманауи оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын меңгеру және қолдануды қамту. Семинарлардың есебі, хаттамалары, скриншоттары мен материалдары дайындалып, кафедра құжаттамаларына жинақталды. Өткізілген семинарлардың, ашық сабақтардың ішінен бірнешеуін озық тәжірибе ретінде факультет және университет деңгейінде таратуға болады.

### ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

| № | Бөлімдер                         | Сабақтарда жиі қолданылған негізгі инновациялық әдістер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|---|----------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Менеджмент және туризм кафедрасы | <b>Деңгейлеп оқыту технологиясы</b> – білім алушылардың қабілетіне қарай тапсырмаларды күрделендіру. <b>Топпен жұмыс</b> – студенттерді топтарға бөліп, бірлескен шешім қабылдау арқылы жұмыс жасау. <b>Сын тұрғысынан ойлау</b> – мәселені талдап, дәлелдер арқылы логикалық ой қорыту. <b>Кейс әдісі (Case Study)</b> - студенттерге нақты діни, этикалық немесе мәдени жағдайларға қатысты нақты жағдайларды талдауды ұсынады. <b>Шақырылған мамандардың дәрістері (барлық кафедралар бойынша жүретін шара)</b><br>Әр түрлі мекемелердің мемлекеттік қызметкерлерімен, өкілдерімен атап айтсақ экономикалық тергеп-тексеру ұйымы, жас көшбасшылар мектебі, қалалық және облыстық әкімшілік |

|   |                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---|--------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                                      | қызметкерлерімен, партия мүшелерімен, ғалымдармен, конфессияаралық қатынастар саласындағы мамандармен кездесулер ұйымдастыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 2 | Экономика, қаржы және есеп кафедрасы | <b>Интерактивті оқыту әдісі</b> – студенттерді белсенді түрде қатыстыру арқылы білім алуды ұйымдастыру (диалог, пікірталас). <b>Мәтіндік талдау әдісі</b> – діни мәтіндерді (Құран, хадис) терең түсіндіріп, олардың тарихи және мәдени контекстін зерттеу. <b>Деңгейлеп оқыту технологиясы</b> – студенттердің жеке қабілеттеріне сәйкес тапсырмаларды күрделендіру. <b>Пікірталастар арқылы оқыту</b> -дінге, этикаға және мәдениетке қатысты өзекті тақырыптар бойынша пікірталастар ұйымдастыру.<br>Түрлі сала қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру, мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен, өкілдерімен атап айтсақ экономикалық тергеп-тексеру ұйымы, жас көшбасшылар мектебі, қалалық және облыстық әкімшілік қызметкерлерімен, партия мүшелерімен, ғалымдармен, конфессияаралық қатынастар саласындағы мамандармен кездесулер ұйымдастыру. |
| 3 | Халықаралық қатынастар кафедрасы     | <b>Диалогтік оқыту әдісі</b> – әлеуметтік, саяси, философиялық, халықаралық қатынастар бойынша сұрақтарды талқылау арқылы студенттердің ойлау қабілетін дамыту (Сократтық әдіс). <b>Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы</b> – әлеуметтік, саяси, философиялық, халықаралық қатынастар бойынша мәтіндерді талдап, оларды логикалық және аналитикалық тұрғыда зерттеу. <b>Дебат және пікірталас әдісі</b> – әртүрлі әлеуметтік, философиялық, халықаралық қатынастар, саяси мектептер мен идеялар бойынша қарсы көзқарастарды салыстыру және дәлелдеу. <b>Пәнаралық тәсіл</b> – оқытушылар халықаралық қатынастар мен саясаттану ғылымын басқа пәндермен біріктіре алады.                                                                                                                                                                               |

2025-2026 оқу жылында оқытудың және оқыту нәтижелерін бағалаудың пәнді тиімді оқытуда технологияларды сонымен қатар жасанды интеллект бағдарламасын қолдану әдістемесі негізінде жаңа инновациялық әдістер мен технологиялар ендірілді, нәтижелері факультеттің ОӘК мәжілістерінде талданып, қорытындаланды.

### Шешім:

2.1. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысы бойынша жасалған мониторинг нәтижесі факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісіне ұсынылсын. (Жауапты: комиссия төрағасы С.Ерназарова).

2.2. Үздік деп танылған ашық сабақтар, әдістемелік семинарлар университет деңгейінде озық тәжірибе ретінде таратуға ұсынылсын. (Жауапты: ОӘК төрайымы А.Алимбаева, кафедра меңгерушілері).

**3. Тыңдалды:** Үшінші мәселе бойынша кафедра меңгерушілері ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, т.б. практикалар жайлы ақпарат ұсынды. Факультетте дайындалатын ББ-лар бойынша барлық практика түрлері 2025-2026 оқу жылының академиялық күнтізбесінде көктемгі семестр аяқталған соң жазғы мезгілге жоспарланған. Практика базаларымен келісім-шарттар түзу, мерзімі аяқталған келісім-шарттарды жаңарту, кейбір мекемелермен үш жақты келісім-шарт жасау мәселелері бойынша, сондай-ақ

шетелдік студенттердің практика базасын анықтау, қатынас хат алдыру бойынша да жұмыстар жүргізіліп жатқандығы айтылды. Практика құжаттары, оның ішінде бағдарламасы, тіркеу журналы, жолдама, есеп формасы сияқты т.б. құжаттардың толық дайын болуы, практика бұйрықтарының уақытылы шығуы, практика базаларымен практика жетекшілік жасайтын ОПҚ тығыз байланыс орнату керектігі жайлы кафедра меңгерушілеріне тапсырма берілді.

**Шешім:**

3.1. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы жайлы кафедра меңгерушілерінің ақпараттары назарға алынсын. Және кафедрадан бір оқытушы практикаға жауапты маман ретінде бекітілсін.

3.2. Практиканың тиісті деңгейде ұйымдастырылуы бойынша мәселелер факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің 2026 жылғы сәуір айындағы мәжілісінде қарауға ұсынылсын (*Жауапты: комиссия төрағасы С.Ерназарова*).

**4. Тыңдалды:** Төртінші мәселе бойынша Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссиясының төрағасы С.Ерназарова: Қараша, желтоқсан айларында көптеген іс-шаралар жүргізілді, олардың біршамасына тоқталар болсақ:

Факультетте оқытушы-профессорлар тарыпанан бірнеше әдістемелік семинарлар мен ашық сабақтар өтілді.

2025-2026 оқу жылында бітіруші курс білімгерлері үшін қорытынды аттестаттау формасы бойынша кешенді емтихан бағдарламалары жасалып, бекітілді.

2025-2026 оқу жылында бітіруші курс білімгерлері үшін қорытынды аттестаттау формасы ретінде дипломдық жұмыс (жоба) жазуды таңдаған білімгерлер үшін тақырыптар бекітуге ұсынылды.

2025-2026 оқу жылында бітіруші курс білімгерлері үшін қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы анықталып, бекітілді.

2025-2026 оқу жылының көктемгі сессия емтихандарының сұрақтары мониторинг бөліміне өткізілді.

**Шешім:**

4.1. Қараша, желтоқсан айларында атқарылған жұмыстар назарға алынсын және қанағаттанарлық деп бағалансын.

Мәжіліс төрағасы:

С.Ерназарова

Мәжіліс хатшысы:

З.Байтлесова